

# Сабақтың тақырыбы

*Электр тогы. Ом заңы. Тізбек бөлігі үшін Ом заңы.*



*Са  
ба  
қ  
т  
ың  
ж  
үр  
і  
сі*

**1. Ұйымдастыру**

**2. Үй тапсырмасын сұрау.**

**3. Жаңа тақырыпты бастауға  
қойылатын сұрақтар**

**4. Жаңа сабақ**

**5. Топтық жұмыс**

**6. Сергіту сәті**

**7 - кезең. Кітаппен жұмыс**

**8. «Сәйкесін тап» ойыны**

**9. Бекіту. (Сөзжұмбақ)**

**10. Кері байланыс**

# II. Үй тапсырмасы



# **“Ыстық орындық” ойыны**

## **Өткен сабақ талдау:**

- 1. Жалғаудың неше түрі болады? Атап айт.*
- 2. Параллель жалғау дегеніміз не?*
  - 3. Тізбектей жалғау дегеніміз не?*
  - 4. Токтың жұмысы мен қуатына анықтама бер?*
  - 5. Джоуль-Ленц заңына анықтама бер?*
- 5. Суреттен қайсысы параллель жалғанған, қайсысы тізбектей жалғанғанын көрсет.*



## **III. Жаңа тақырыпты бастауға қойылатын сұрақтар**

- *Елімізде 2017 жылы қандай іс-шара өткелі жатыр?*
- *Вольт, Ом, Ампер деген сөздерді естулерін бар ма?*
- *Гюгенс Ом, Андре Ампер, Александро Вольт осы ғалымдарды бұрын естулерін барма?*

# Сабақтың мақсаты

*Білімділік*

Электр тогына түсініктеме беру. Тізбек бөлігі үшін, толық (тұйықталған) тізбек бөлігі үшін Ом заңын және Ом заңына анықтама беру. Ережелерін талдау. Формулаларын есептер шығару.

*Дамытушылық*

Оқушылардың білімге ынтыласын, ықыласын, қызығушылығын арттыру жолын қолдану. Өмірдің барлық саласына белсенді, шығармашылық, іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

*Тәрбиелік*

Оқушыларды ауызбіршілікке, ұқыптылыққа, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

# Сабақтың

*Түрі*

*Жаңа сабақ*

*Әдісі*

*Түсіндіру, сұрақ-жауап*

*Көрнекілігі*

*Интерактивті тақта, слайд,  
флипчарт, карточка, суреттер,  
физикалық құралдар, физика  
есептер жинағы.*




$$I = \frac{q}{t}$$

Ток күші мен оның бағыты уақыт бойынша өзгеріссіз қалса, онда электр тогы *тұрақты электр тогы* деп аталады


*ХБ жүйесінде жұмыс*

*ампермен (1А)*

*өлшенеді:*


$$1A = 1Кл/1с$$




$$I = \frac{U}{R}$$

*Ток күшіне кернеу тура пропорционал,  
өткізгіштің кедергісіне кері  
пропорционалды Ом заңы деп атаймыз.*

***ХБ жүйесінде жұмыс  
ампермен (1А)  
өлшенеді:  
1А= 1В/1Ом***


$$R = \rho \frac{l}{S}$$

*Өткізгіштің кедергісі оның  $l$  ұзындығына,  $S$  көлденең қимасының ауданына және жасалынған материалдың қасиеттеріне тәуелділігін Тізбек бөлігі үшін Ом заңы деп атайды.*

***ХБ жүйесінде жұмыс ампермен (1А)***

***өлшенеді:***

$$1A = 1B/1Om$$

# Физика есептер жинағы

## A деңгей

**3.170, 3.171**

1.Электр үтігі кернеуі 220В желіге қосылған. Үтіктің қыздыру элементінің кедергісі 50 Ом болған жағдайда ондағы ток күші неге тең?

2.Кернеуі 220В желіге жалғанған жұмыс кезіндегі кедергісі 55 Ом.

Электрқыздырғыштың спираліндегі ток күшін есептеңдер.



## **VI.Сергіту.**

*Психологиялық тренинг. «Өз жұлдызыңды тап» (Күй ойнайды.А.Еңсепов)*

*(Көздеріңізді жұмыңыз). Жұлдызды аспанды көз алдыңызға ойша елестетіңіз. Оған зер сала қарап, өзіңе ұнаған жұлдызды таңдаңыз. Қолыңызды созып, мақсатқа жету үшін бар қуатыңызбен, бар күшіңізбен жұмыстанып, өз жұлдызыңызға қол жеткізіңіз. Аспаннан жұлдызды мұқият түсіріп алыңыз, алдыңызға ептеп қойыңыз. (Көзіңізді ашыңыз). Енді қолымыздағы жұлдызымызды жаңа экономикалық өрлеу кезеңіндегі Қазақстанның мүмкіндіктеріне арнаймыз. «Жоғары сапалы білім алу үшін бар күш қуатымызды қолымыздағы жұлдызды сәтімізді осы мақсатқа пайдаланамыз.*

## *Үйге тапсырма*

- **Тақырыпты оқу §9.1, 9.3**
- **18 жаттығу № 1,2**